



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

3. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка, М.: Изд-ство Академия Наук, 1956. - 452 с.
4. «Әлем тілдері» сериясы. Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: «Фолиант», 2002. – 700 б.
5. Балакаев М. К. истории изучения определенности-неопределенности в тюркских языках //ҚазССР ҒА Хабарлары Филология сериясы 1976. №2. 3-12-бб.
6. Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, 1971
7. Дмитриев Н.К. Строй турецкого языка М., 1939; с.3.
8. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: "Арыс", 2007. –488 б.

ӘОЖ 811.517.1:725.94

"ТӨРЕ БІТІГІ" ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Төребекова Сәуле Мақсұтқызы

saule_torebekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Түрктану кафедрасының оқытушысы

Ғылыми жетекшісі - Н.Ғ. Шаймердинова

Қыпшақ тілдерінің, оның ішінде, қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерінің орта ғасырлық ерекшеліктері мен тілдік даму деңгейін айқындайтын құнды жазба мұралардың бірі – армян-қыпшақ ескерткіштері.

Орта ғасырлардағы қыпшақ жазба ескерткіштері қазақтың құқықтық тарихын зерттеудің қосымша көзі болып табылады. Осы салада көлемі жағынан аса зор армян жазуымен 1519-1689 жылдары жазылған төрелер жинағын, іс жүргізу кодексін, кәсіптік және қоғамдық ұйымдардың жарғыларын, діни және азаматтық, өзін-өзі басқару актілерін қамтитын заңи ескерткіштердің маңызы ерекше құнды. Осы ескерткіштердің арасындағы маңыздысы 1519 жылы армян тілінен латын тіліне аударылып, поляк королі бекіткен, содан кейін Львов қыпшақ тілінде сөйлейтін армяндардың ана тіліне аударылған заңдар жинағы - «Төре бітігі» болып саналады. Бұл кітап мемлекет билігіне, өзге де құқықтарға және сот ісіне қатысты әр түрлі құқықтық қатынастарды реттеген 124 баптан тұратын «Төре бітігі» және «Іс жүргізу кодексіне» арналған 99 қосымша баптан тұрады. Осы ретте ортағасырлық жазба мұрағаттарды зерттеп, сол ортақ мұралардағы тілдік деректер арқылы түркі тамырлас халықтардың дүниетанымын, ділін көрсету ұлтымыздың, тіліміздің даму тарихын танытады. Қазіргі қазақ тілі мен «Төре бітігі» армян-қыпшақ жазба ескерткіші тілінің арасындағы тарихи сабақтастықты түрлі қырынан зерттеп, негізгі даму, қалыптасу, бір жүйеге түсу ерекшеліктерін нақтылау, тиянақтау, тарихи құндылықтарын анықтау негізінде талданатын болғасын да қазіргі түркітану, қыпшақтану саласындағы өзекті тақырыптардың бірі. Армян-қыпшақ ескерткіштерін жариялауда Г. Алишан, Ж. Дени, Э. Шютц, Э. Трыяски, И. Вашари, М. Левицкий, Р. Кон және т.б. шет ел ғалымдарымен қатар, бұрынғы Кеңестер Одағында Т.И. Грунин, А.Н. Гаркавец [1,2], И. Абдуллин, Я.Р. Дашкевич [3] сияқты ғалымдар көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар, қыпшақ өркениеті мен мәдениетінің негізгі орталығы Қазақстан аумағы болғандықтан, осы бағыттағы зерттеу жұмыстары М. Б. Сабыр, С. Ж. Дүйсен, С. Құдасов [4], Б. Сүйерқұл, М.Ә. Жүнісова, Е.З. Есбосынов, Ә. Ташауов және т.б.

«Төре бітігі» ескерткіші тілінде де дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр басқа сөздер кездеседі.

Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев қазақ тіліндегі омонимдердің жасалуының амал-тәсілдері мен негізгі жолдарын былай бөліп көрсетеді. 1. Тілдегі көп мағыналы сөздердің есебінен сөздің семантикалық жақтан дамуы арқылы келіп шыққан омонимдер; 2. Сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбыстық құрамы жағынан бірдейлесуі арқылы жасалған омонимдер; 3. Аффикстер жалғану арқылы жасалған туынды омонимдер; 4. Өзге тілдерден

ауысқан сөздердің қазақтың төл сөздерімен дыбысталуы бірдей болуының нәтижесінде пайда болған омонимдер [5, 107].

Омоним сөздер. Сөздер түбір күйінде де, туынды күйінде де омонимдер бола береді. Ескерткіш мәтіндерінде түбір сөздерден болған омонимдер жиі кездеседі. Олар төмендегідей: Омоним сөздер болып саналатын сөздердің өзі құрамы жағынан екі сыңардан аспайды. Олар бірнеше амал-тәсілдер арқылы жасалған.

а) Омонимдік қатар түзген сөздердің екі сыңары да түркі сөздері болады. Сөздердің семантикалық дамуы нәтижесінде мағыналары бір-бірінен алшақтап, басқа-басқа мағынада тұрақтаған сөздер жатады. Яғни мұндай омонимдер лексикалық тәсіл арқылы жасалған. Мысалы:

I. **At** (ат) «ат, есім», *Töräniñ atimen*,.. (54-қап., 67 б). - *Төрениң атымен*,.. (54-бап, 562 б);

II. **At** (ат) «ат, жылқы», *Egär kimesäniñ ati teli bolsa, ħaysi ayaħi bilä urmaħ, da tišlämäħ bilä, ħiliħi bilä naħis etkäy, ol ċaħta eyäsi ol atniñ, naħis etkän kišini at, ziyanin, ħardžin da ħakimlikin tölämäħ keräk. Egär aňlattı esä atiniñ ziyanlı ħiliħin, ol ċaħta yarim ziyanin tölämäħ keräk törä yanına. Ne ki bu boyruħnuñ ućuna aytiliñ, aňlanıñ, egär anıñkibik kiši ermeni, ayb atına yamanlıħ üćün bermägäy* (32-қап., 102 б). – Егер біреудің құтырған **аты** болса, кісіні тепкілеп немесе таптап, басқа қылығымен мүгелек етсе, ол кезде сол **аттың** иесі, **ат** мүгедек еткен кісіге зиянын, емдеуге шыққан шығынын төлеу керек. Егер **атының** жаман мінезі туралы ескерткен болса, онда төре бойынша зиянның жартысын төлеу керек. Бұл бұйрықтың соңында айтылғанды былай түсіну қажет: егер ондай кісі армян болса, **аттың** келтірген зиянына ақы төлемеу керек (32-бап, 673 б).

I. **Baħ** (бах) - «бап»;

II. **Baħ** (бах) - «қара, бақыла, анықта», *anıñkibik išlär igi sezilmäħ keräk dā baħtaħ keräk anıñkibik iš bilä*,.. (4-қап., 85 б). - *Ондай істерді жақсылап зерттеу керек, өлтіргенді қарау керек*,.. (4-бап, 667 б);

I. **Burun** (бурун) – «мұрын»; *burnına su vertek* (*бурнына су виртек*) «**мұрнына** су беру»;

II. **Burun** (бурун) – «бұрын» септеулігі шығыс септігіндегі сөздермен тіркеседі: *barča ištän burun keräk ħardašlar* (89-қап., 139 б). - (*барча иштән бурун хардашлар*) «**барша істен бұрын** керек бауырлар» (89-бап, 689 б);

I. **Sač** (сач) – «шаш», (адамның шашы); *yüz sač* (йүз **сач**) «жүз **шап**»;

II. **Sač** (сач) – «шашу»; *su sačtaħ* (*су сачмақ*) «**су шапу**»;

I. **Iti** (ити) - «қылыш, семсер», *iti kötiür* (*семсерді кезену, қарулы шабуыл жасау*);

II. **Iti** (ити) – «қатаң», *iti boyruħ* (*қатаң талап (бұйрық)*);

I. **yüz** (йүз) – «жүз, бет», *jüzdä* (йүздә) *бетне бет*; *jüz kör* (йүз көр) *бетке қарау, біреуге тартушылық*; *jüz körtäñiz* (йүз көрмәңіз) *әділетсіз, бір жақты болмаңдар*; *jüz körtäs* (йүз көрмәс) *ол әділетсіз емес, бетке қарамайды*; *jüz körtējijin* (йүз көрмейин) *бет-жүзге қарамай*.

II. **yüz** (йүз) – «жүз (есептік сан есім)»;

I. **Yük** (йүк) – «жүк, ауыртпалық», *yüktän tart* (*ауыртпалықтан босату*);

II. **Yük** (йүк) – «кепілдік», *yük izdä* (*кепілдік талап ету*), *yük kir* (*кепіл болу*), *yük tibinä* (*кепілдікте болу*);

I. **Nišan** (нышан) – «белгі, нышан, көрініс», *nišanı küćünñ barča törälärniñ* (*барлық заңдардың белгілі күші*); *nišinı oñurlıħniñ* (*ұрлықтың белгісі, нышаны, дәлелі*);

II. **Nišan** (нышан) – «құда түсу, неке қию», *nišan et* (*құдалыққа түсу*);

I. **Хан** (хан) – «хан, патша, король», *ħanға alma burıñundan töräsinin ermeninin* (*армян сотынан ханға шағым арыз беру*); *ħanniñ boyruħi bilä* (*ханның бұйрығымен, рұқсатымен*); *ħanniñ komaraları* (*ханның кедені*); *ħanniñ stoluna kimsä olturmagay ašħa* (*ханның дастарханына ауқаттануға ешкімнің отыруына болмайды*); *ħanniñ tärbası* (*хан сарайы, ханның маңындағылар*);

Yarlī – miskin (йарлы – miskin) «жарлы, кедей», *Kim ki borčka alsa ya ötünčka, yarlīlansa, yarlīlanmaḥ üčün belgili küninä tölätä bolmasa...* (40-кап., 108 б). - борышқа немесе уақытша алған **кедейленсе, кедейленгендіктен** белгіленген күнінде төлей алмаса... (40-бап, 676 б); *miskingä yarlīya* (кедейді мүсіркеу), *miskinni Teḡri sövär* (Тәңрі жарлыны жаратады);

Kendi/kensi – öz (кенди/кенси – өз) «өз», *egär ḡasta kiši klāmäsä kendiniḡ ḡakimlikiniḡ iṣitmä söziün da anīḡkibik ḡasta ölgäy, ḡakim anda egri tigül* (99-кап., 145 б). - Егер науқас өзі дәрігердің сөзін тыңдамаса және сондай науқас өлсе, дәрігер оған кінәлі емес (99-бап, 692 б), *ḡär nesneniḡ kölegesi öz ḡadarinḡa* (әр нәрсенің көлеңкесі өз деңгейінде);

Šähär – kermän (шәһәр – кермән) «қала», *šähäriḡiḡi sotī* (қаланың соты), *kermänniḡ čüvräsin al* (қаланы қоршауға алу), *kermän töräsinä nemeskiy* (қаланың неміс (Магдебург) сотында), *kermän töräsi* (қала соты) т.б.

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Ескерткіш тілінде синоним сөздер аз кездеседі.

Антоним сөздер. Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоядан шығады. Ескерткіш тілінде бір-бірінен алшақ, қарама-қарсы мәндегі антоним сөздер мол кездеседі. Олар тұлғасы жағынан және шығу төркіні жағынан әртүрлі. Алайда ескерткіш тіліндегі антоним сөздер әртүрлі сөз табынан жасалады. Өсіресе етістік пен сын есімдерге тән қарама-қарсы мәндегі сөздер жиі ұшырасады.

а) сын есімдерге тән антоним сөздер:

yaḡṣī – yaman (йағшы – йаман) «жақсы – жаман»; *anīḡ yaḡṣī erkinädir* (45-кап., 112 б). - Оның **жақсы** ықыластығы (еркі) (45-бап, 678 б); *A egär ki bilgäy edi tuvariniḡ yaman ḡiliḡin, ki ziyan etüči edi, da ketärmägäy kendiniḡ ḡatından, keräk tügäl baḡa tölägäy öldürgän ögüzniḡ, törä alay buyurıyır* (31-кап., 101 б). - Егер малының **жаман** мінезін, оның зиян келтіретінін білсе, бірақ одан өзі құтылмаса, өлген өгіздің түгел бағасын төлесін, - төре осылай деп бұйырады (31-бап, 673 б).

Arī – kir (ары – кир) «таза – кір»; *arī köñül birlä* (ары көңүл бирле) **«таза көңілмен»;** *arīḡay yüregini kirden* (арытғай жүрегини **кирден**) **«жүрегін арындырсын кирден»;**

Artıḡ – eksik (артық – ексик) «артық – кем»; *öldürgän oylan 12 yaşından artıḡ bolgay, keräk başın tölägäylär* (3-кап., 85 б). - Өлтірген бала 12 жастан **артық** болса (асса), басына кәмелетке келген адамның құнын төлесін (3-кап., 666 б); *a egär ki ol öldürgän oylanḡiḡi yaşı 12-dän eksik bolsa, bolgay 10 ya 11, ol čaḡta anīḡ başiniḡ yarimi tölänmäḡ keräk* (3-кап., 85 б). - Ал егер өлтірген баланың жасы 12-ден **кем** болса, 10 немесе 11 болса, онда адамның жарпты құны төленуі керек (3-бап, 666 б);

Ayır – yeñil (ағыр – йеңіл) «ауыр – жеңіл», *ayır bolḡan* (ауыр болған), *ayır ayaḡli ḡatun* (аяғы ауыр әйел), *yeñil tut* (жеңіл қарау);

Ulu – kiči (улу – кичи) «үлкен – кіші»; *ki aḡlamaḡ keräk ulu töräni дә, kiči töräni дә* (52-кап., 118 б). - Себебі төрелер айтқандай **үлкен** құқық және **кіші** құқық бар екенін түсіну керек (52-бап, 680 б);

Yañı – eski (йаңы – ескі) «жаңа – ескі»; *Anīḡkibikni Eski Törä körgüziyir taşlama, da Yañı Törä oḡṣatıyır, nečik atasın-anasın tövḡay...* (59-кап., 122 б). - **Ескі** Төре бойынша оған тас лақтыру керек, **Жаңа** Төре оны өз атасын, анасын сабаумен теңестіреді... (59-бап, 682 б);

Barlı – yarlī (барлы – йарлы) «бай – кедей»; *Kim ki borčka alsa ya ötünčka, yarlīlansa, yarlīlanmaḥ üčün belgili küninä tölätä bolmasa...* (40-кап., 108 б). - борышқа немесе уақытша алған **кедейленсе, кедейленгендіктен** белгіленген күнінде төлей алмаса... (40-бап, 676 б);

Oñ – soñ (оң – соң) «оң – сол», *ol boyrıḡından töräniḡ 2 yap da ne oñ yapına, ne soñ yapına čıḡta bolmas* (55-кап., 120 б). - Төренің ол бұйрығынан екі жағы да не оң жаққа, не сол жаққа бұлтарыуына болмайды (55-бап, 681 б);

Köp – az (көп – аз) «көп – аз», *köplär bilä* (көппен бірге), *köptän az yazır ḡoy* (хатты аз жазып қою), дегендерде жағымсыздық пен ұнамдылықтың, жақсылық пен жаманшылықтың, үлкен мен кішінің кереғар ұғымдары бір-біріне қарама-қарсы қойылып айтылып тұр. Екі жағының салмақ-мөлшері бірі артық, бірі кем емес, тепе-тең. Сонда антоним дегеніміз

мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер болып шығады. Антонимдер өзара алшақ қарама-қарсы ұғымды білдіретіндіктен, бұлардың әр сөз табына қатысы нақ бірдей емес, ала-құла деген сөз.

ә) Зат есімдерге тән антонимдер:

yer – kök (йер – көк) «жер – көк», *Teñri adam tarbiyatın erikli yaratıptır da etiptir, ale keräklidirlär biylärinä kendiniñ xullar xuluxka, yer u suv üçün* (2-қап., 84 б). - *Тәңри адам баласын ерікті етіп жаратқан, бірақ жер және су үшін құлдар өз билеріне қызмет істеуге мұқтаж* (2-бап, 666 б); *köktägi meñi tirlik (көктегі мәңгі тірлік);*

dost – duşman (дост – дұшман) «дост – дұшман», *Eğär kimesä dostundan sayıt ötüñkä alsa barça türlü da anıñkibik sayıtnı ya sindirgay, ya tas etkay,..* (39-қап., 107 б). - *Егер біреу өзінің досынан қандай да болсын сайман сұрап алса, алған сайманды сындырса немесе жоғалтса...* (39-қап., 676 б); *Kendiniñ duşmanın övdägi anda tapır, öldürgay köñlü bilä* (97-қап., 144 б). - *Өзінің үйдегі дұшманын сонда кездестіріп қасақана өлтіруі* (97-қап., 691 б).

Xış – yaz (хыш – йаз) «қыс – жаз», *eğär kimesäniñ tuvarı kirgäy sačovga xışniñ ya ävälbañarnıñ,..* (95-қап., 141 б). - *Егер біреудің малы қыста немесе көктемде егістікке кірсе,..* (95-бап, 690 б);

Yağşılıy – yamanlıy (йахшылығ – йаманлығ) «жақсылық – жамандық»; *yağşılıxni xilın (жақсылық (мейірімділік жасау)), yamanlıx xilın (жамандық жасалған);*

Ескерткіш тілінде кездесетін антонимдер тобы етістіктерге тән:

Aş – uar (аш – йап) «ашу – жабу»; al – ver (ал – вер) «ал – вер», yat – oltur (йат – олтур) «жат – отыр», *çix – kir (чых – кир) «шығу – кіру», kirgän – çixkan, т.б.*

Үстеулерге қатысты антонимдер:

Kündüz – kiçä (күндүз – кичә) «күндүз – түн», *da alay törädir oyrular üçin xoyulğan keçäniñ da kündüzniñ, egär ki kimäsä keçä vaxtına övdä dä kündüz oyrunu lıcası bilä belgili tutkiy edi,..* (34-қап., 103 б). - *Түнгі және күндізгі ұрылар жөніндегі төре байламаы мынадай: егер біреу үйінде ұрыны түнде немесе күндіз тапса және ұрлық үстінде ұстап алса,..* (34-бап, 674 б);

Қорыта келгенде, «Төре бітігі» ескерткіші тіліндегі сөздерді лексикалық парадигматика жағынан топтастырғанда, омонимдер мен синоним сөздердің лексикалық мағынасының дамып, басқа-басқа мәндерде тұрақтауы, түбірге синкретикалық қосымшалардың жалғануы арқылы, сондай-ақ араб, парсы тілдерінен енген сөздердің тұлғасын кейде өзгертіп, ал кейде өзгертпей-ақ түркілік сөздермен үндесіп жақындасуы арқылы жасалғандығын көреміз. Антоним сөздер әртүрлі сөз табынан жасалған. Көріп отырғанымыздай, ең көп қарама-қарсы мәндегі сөздер етістік пен сын есімдерден тұрса, ең азы зат есімдерден құралған. Сонымен қатар араб сөздерінен енген кірме сөздер де антоним қатар түзеді.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки: куманский и армяно кыпчакский. -Алма-Ата: Наука, 1987.
2. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие: Каталог и тексты памятников армянским письмом. Т. I. -Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002.
3. Дашкевич Я.Р. Кто они - «армяне-кыпчаки»? // *ԲԱՆԻՐ ՄԱՏԵՆԱԴԱՐԱՆԻ. №16. ԵՐԵՎԱՆ, 1994. 58-110 бб.*
4. Құдасов С. Армян жазулы кыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. -Алматы: Ғылым», 1990. Дана Хикардың ұлына айтқан өсиеттері. -Шымкент: «Жібек жолы», 2000.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы: Сөздік-словарь баспасы, 2006. – 264 б.
6. Төре бітігі. Армяно-кыпчакский Судебник 1519-1594 гг. / Составители: А. Гаркавец, Г. Сапарғалиев, М. Капраль, М. Цимбал/. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, Баур, 2003.